

Құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге қатысқан құтқарушыларды медициналық және психологиялық оңалту ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 991 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 173 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 173 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы Заңына сәйкес және құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге қатысқан құтқарушыларды медициналық және психологиялық оңалту ережесін белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге қатысқан құтқарушыларды медициналық және психологиялық оңалту ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 9 қ ы р к ү й е к т е г і

N 9 9 1 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге қатысқан құтқарушыларды медициналық және психологиялық оңалту ережесі

1. Осы Ереже "Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін әзірленді және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды (бұдан әрі - төтенше

жағдайлар) жою жөніндегі құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге қатысқан құтқарушыларды медициналық және психологиялық оңалтуды жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге қатысқан құтқарушыларды оңалту құтқарушылардың психофизиологиялық жағдайын анықтауға; құтқарушылардың төтенше жағдайларды жою кезіндегі жоғары жұмыс істеу қабілеттігін қалпына келтіруге және сақтауға; төтенше жағдайларды жоюға қатысуға байланысты жарақат алған, ауырған және созылмалы аурулары ушыққан жағдайда қалпына келтіру терапиясын жүргізуге; ағзадан радиоактивті, улы және басқа зиянды заттарды шығаруға; психоэмоционалдық жағдайды түзетуге және нормаға келтіруге бағытталған.

3. Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының, ерікті авариялық-құтқару құралымдарының құтқарушылары, сондай-ақ көрсетілген құралымдардың құрамына кірмейтін құтқарушылар оларда олардың құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге арналған аттестаттаудан өткендігін растайтын құжаттар болған кезде оңалтуға жатады.

4. Құтқарушыларды оңалту: амбулаторлық-емдеу және тұрақты медициналық көмек нысандарында жүзеге асырылады.

5. Оңалтуға денсаулығының, психоэмоционалдық жағдайының уақытша немесе тұрақты бұзылуы, жұмыс істеу қабілетінің төмендеуі немесе жоғалуы байқалған құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге қатысқан құтқарушылар құтқарушының кітабында оның құтқару және шұғыл жұмыстарға қатысқандығы туралы жазба болған кезде жіберіледі.

Төтенше жағдайларды жою кезінде техногендік, табиғи және психологиялық факторлардың адамға зиянды әсер етуі нәтижесінде денсаулығының бұзылуына: жаралану (контузия, жарақат алу, мертігу); радиациялық, химиялық және бактериологиялық зақымдану; асқынған соматикалық және жұқпалы аурулар; созылмалы аурулардың асқынуы; психоэмоционалдық және психосоматикалық бұзылулар жатады.

6. Құтқарушыны оңалтуды жүргізу қажеттілігі туралы қорытындыны мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымы төтенше жағдайлардың ауданынан тұрақты жұмыс орнына келгеннен кейін 7 күннен кешіктірмей береді. Оңалту нысанын емдеуші дәрігер немесе құтқарушыларды оңалту нысанын таңдау өлшемдері негізінде денсаулық сақтау ұйымының медициналық комиссиясы белгілейді.

7. Медициналық оңалту нысандарын таңдау өлшемдері мыналар болып табылады:

1) амбулаторлық-емханалық оңалту үшін - ұзаққа созылған оңалтуды талап етпейтін және денсаулық жағдайының нашарлауын және асқынуын

болдырмайтын зорығу, психоэмоционалдық шаршау, асқынған аурулары немесе созылмалы ауруларының ушығуы пайда болуы салдарынан туындаған денсаулығының біршама бұзылуы және жұмыс істеу қабілетінің төмендеуі;

2) тұрақты оңалту үшін - тұрақты жағдайда тексеру мен емдеудің арнайы әдістерін талап ететін жаралану (контузия, жарақат алу, мертігу), жүйке-психикалық бұзылуы, асқынған соматикалық және жұқпалы аурулар, радиациялық, химиялық және бактериологиялық факторлардың әсерінен зақымдануы, сондай-ақ амбулаторлық-емханалық оңалтудың жеткіліксіз т и і м д і л і г і .

Құтқарушылар төтенше жағдайларды жоюға қатысқаннан кейінгі алты ай ішінде медициналық айғақтар болған кезде қайтадан бір рет оңалтуды жүзеге асыруға болады.

8. Құтқарушыларды оңалтуды тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шегінде мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары жүргізеді.

9. Амбулаторлық-емханалық және тұрақты оңалту жүргізу кезінде, сондай-ақ құтқарушыларға оңалту орнына баруы қажет болған кезде оңалту орнына бару және қайту уақытын ескере отырып, оңалтудың барлық кезеңіне уақытша еңбекке жарамсыздық парағы беріледі.